

**А. Е. Тюсютов, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің 3-бағам студенті**

**Ғылыми жетекшісі: Б. С. Шыныбекова, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің экономика, бизнес және құқық колледжінің арнайы құқықтану пәндер (циклдік) комиссиясы оқытушысы**

## **КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҰРЛЫҚ, ТОҢАУ ЖӘНЕ ҚАРАҚШЫЛЫҚ ҚЫЛМЫСТАРЫН ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРГЕУ**

Сотталушылар қатарында кәмелеттік жасқа толмағандардың көбеюі біздің қоғамды алаңдатпауы мүмкін емес. Қылмыстық жауапкершілікке қылмысты жасау кезінде жасы 16-ға толған азаматтар тартылатындығы белгілі.

Алайда, адам өлтіргені, қасақана денсаулыққа ауыр зиян келтіру, ауырлататын мән-жайларда денсаулыққа қасақана орташа ауырлықта зиян келтіру, зорлау, жыныстық сипаттағы зорлық әрекеттері, адамды ұрлау, ұрлық, тонау, қарақшылық, қорқытып алу, ауырлататын мән-жайларда көлікті айдап кету, терроризм, адамды кепілге алу, қаруды ұрлау немесе қор-

қытып алу, қо-дәру, жарылғыш заттар мен басқа да құрылғылар, ауырлатылған мән-жайларда бұзақылық, тағылық, есірткі заттары мен психотроптық заттарды ұрлау немесе қорқытып алу, ауырлатылған мән-жайларда мәйтті немесе олардың көмілген жерлерін қорлау, көлік құралын немесе теміржолдарын қасақана жарамсыздық жағдайға келтіргені үшін тұлғалар 14 жастан бастап қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, кәмелетке толмағандар көбінесе ұрлық, тонау сияқты қылмыстарды жасайды. Соңғы кезде аталған қылмыстар ішінде ұялы телефондарды ұрлау жиі орын алуда. Мұндай қылмыстар көбінесе өзінен жасы кіші, әлсіздеу, кәмелеттік жасқа толмағандарға қарсы жасалынады болып табылады.

Кәмелеттік жасқа толмағандардың істерін қарау барысында, олардың жеке басы, тәрбиелену мен өмір сүру жағдайлары, қылмысты жасау себептері, қылмысты жасауға себеп болған жағдайлары, оған деген ересектердің әсері - мұның бәрі тәрбиелеу бағытындағы шара қолдану мен жаза тағайындауда ескеріледі. Көп жағдайда ата-аналардың жасөспірімге дұрыс тәрбие бермеуі мен қылмыстық әрекеттерге бармауы туралы ескертуінің кемшілігі — құқық бұзушылық себебі болады.

Міне, осындай жаңа жүйені өзіміздің құқықтық жүйемізге енгізген біздің мемлекет үшін әлі күнге дейін зерттеп, зерделейтін мәселе болып отыр бұл. Құқық қорғау органдары таратқан мәліметке жүгінсек, жас жеткіншектердің қолымен жасалатын қылмыстардың көпшілігі бөтеннің мүлкін ұрлау болып отыр. Меншікке қарсы қылмыстар қашанда болсын кәмелетке толмағандар арасында кеңінен тарлаған қылмыстар болып отыр. Бұл қылмыстардың ниеті — пайдакүнемділік. Кәмелетке толмағандардың арасында соңғы жылдары үдеп кеткен тағы бір қылмыстардың бірі — қорқытып алушылық. Құқық қорғау органдарының қызметкерлері бұл мәселені құрықтау мақсатымен орта мектептер мен колледждермен тығыз жұмыс істеуде. алайда бұл қылмыстардың саны азаймауда. Бұның себебі — жеткіншектердің бопсалаудан қорқып, үлкендерден, яғни ата-аналары мен мұғалімдерінен қылмысты жасыруы. Аталмыш мәселе көптеген қайғылы оқиғалардың себебіне айналды, атап айтқанда, кәмелетке толмағандар бопсалаудан құтыла алмай, өздеріне — өзі қол жұмсауы. Бұл мәселемен күресудің жолы — ата-аналарының өздерінің балаларына деген қамқорлығы мен назарының артуы. Егерде ата-аналары балаларының көңіл – күйі мен жағдайын ден қойып бақыласа, бұл қылмыстардың саның едәуір азайтуға болады.